

ГЕГЕЛЬ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Е.Е. Джаркинбаев, С.Б. Апашов

АҢДАТПА

Г.В.Ф. Гегельдің шығармашылығында тарих философиясы үлкен орын алады. Мақалада бұрынғы тарихнамалық ағымдарға гегельдік сипаттама беріледі, содан кейін оның өзіннің тарих философиясы талданады. Гегель тарих философиясы рухани салада болып жатқан дүниежүзілік тарихи үдерісті зерттеумен айналысу керектігіне баса назар аударады. Дүниеде парасаттылық үстемдік ететіндіктен, бұл үдерістің өрістеуі орынды.

Себебі Гегель парасат ұғымына субстанция, шексіз күш, шексіз мазмұн, ақиқат, шындық, қажеттілік, заңдылық сияқты белгілерді кіргізеді. Дүниежүзілік тарихтың түпкі мақсаты – бостандық. Тарих философиясының міндеті – оның қажеттілігінде прогресс қалай жүзеге асатынын білу. Тарих философиясы халықтар мен мемлекеттердің қалай азаттыққа ұмтылғанын, ол үшін ұзақ тарихи кезеңде қаншама құрбандықтар жасалғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: тарих философиясы, рухани сала, ақыл, субстанция, қажеттілік, заңдылық, еркіндік, диалектика, тарихтағы сабақтастық, тарихтағы ұлы тұлғалар, мемлекет

Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Джаркинбаев Е.Е.,
e.djarkinbayev@aes.kz

Мақаланың сілтемесі:
Джаркинбаев Е.Е.,
Апашов С.Б. Гегель және тарихнаманың әдістемелік мәселелері // Адам әлемі. – 2025. – №1 (103). – Б. 13-21.

Гегель и методологические проблемы историографии

Аннотация. «Философия истории» Гегеля с ее величественной картиной всемирно-исторического прогресса человечества представляет собой одну из уникальных исторических теорий, удивительным образом созвучную нашему времени. Рассуждения современного человечества об истории, стремление прояснить собственное положение в истории, определиться в отношении возможностей участия или неучастия, как индивидуума, так и всего человечества в истории, – всё это предполагает ко многому обязывающую традицию осмысления истории в философской науке.

Переосмысление горизонтов современной гуманитарной науки является настоящим требованием нашего времени. Сегодня стоит вопрос о повышении философско-методологической культуры исторического познания, о развитии философии истории и национальной историографии на основе освоения проблемно-смыслового контекста мировой философско-исторической мысли. Сегодня человечеству необходимо вернуть веру в историю и в философию. Современная философия истории должна осмыслить возможности преобразования социума. Поэтому проблемы нашего общества или любой другой отдельной страны соединены с судьбой всего мира. В поисках разрешения этих вопросов становится актуальным обращение к классике мировой философии, а именно к философскому наследию Гегеля.

Ключевые слова: философия истории, духовность, разум, субстанция, необходимость, диалектика, историческая преемственность, всемирно-исторические личности, государство.

Hegel and the Methodological Problems of Historiography

Abstract. Hegel's "Philosophy of History" with its majestic picture of the world and historical progress of mankind is one of the unique historical theories, surprisingly in keeping with our time.

The reasoning of modern humanity about history, the desire to clarify its own position in history, to determine the possibilities of participation or non-participation, both of the individual and of all humanity in history are all these presupposes a largely binding tradition of understanding history in Philosophical Science.

Rethinking the horizons of modern humanities is an urgent requirement of the present. Today the issue is about increasing the philosophical and methodological culture of the historical knowledge, and the development of the philosophy of history and national historiography on the basis of mastering the problematic and semantic context of the world philosophical and historical thought. Today humanity needs to restore faith in the history and philosophy. Modern philosophy of history should comprehend the possibilities of transforming society. Therefore, the problems of our society or any other single country are connected with the fate of the whole world. In search of a solution to these questions, it becomes relevant to turn to the classics of world philosophy, namely to Hegel's philosophical heritage

Key words: Philosophy of History, Spirituality, the Reason, Substance, Necessity, Dialectics, Historical Continuity, World Historical Figures, the State.

Кіріспе

Гегельдің «тарих философиясы» адамзаттың бүкіл әлемдік тарихи үрдісінің керемет бейнесімен біздің заманымызға таңқаларлық түрде сәйкес келетін бірегей тарихи теориялардың бірін ұсынады. Қазіргі адамзаттың тарих туралы пайымдауы тарихтағы өз ұстанымын нақтылауға, жеке адамның да, бүкіл адамзаттың да тарихқа қатысу немесе қатыспау мүмкіндіктері туралы шешім қабылдауға деген ұмтылысы - мұның бәрі философия ғылымындағы тарихты түсінудің міндетті дәстүрін білдіреді.

Біздің заманымыздың шұғыл талабы қазіргі гуманитарлық ғылымның көкжиегін қайта қарау. Бүгінгі таңда тарихи танымның философиялық-әдіснамалық мәдениетін арттыру, әлемдік философиялық-тарихи ойдың проблемалық-семантикалық контекстін игеру негізінде тарих философиясы мен ұлттық тарихнаманы дамыту мәселесі тұр.

Бүгінде адамзаттың тарихқа және философияға деген сенімін қайтару қажет. Тарихтың қазіргі философиясы қоғамды өзгерту мүмкіндіктерін түсіну. Сондықтан біздің қоғамның немесе кез-келген басқа елдің проблемалары бүкіл әлемнің тағдырымен байланысты. Осы мәселелердің шешімін іздеуде әлемдік философияның классикасына, атап айтқанда Гегельдің философиялық мұрасына жүгіну өзекті болып отыр.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл мақала Гегель тарихының әдіснамасын талдауға бағытталған. Гегель та-

рих философиясын тарихи-философиялық қайта құру барысында, дүниежүзілік тарих-бұл рух тарихтың қозғаушы күші болып және өзін-өзі тануға ұмтылатын процесс екенін; тарих әр түрлі дәуірлерге бөлініп, олардың әрқайсысының рухты дамыту үшін өзіндік ерекшеліктері мен міндеттері, және сонымен бірге онда еркіндік элементі бар екендігі анықталды.

Жалпы Гегель тарих философиясы рухтың дамуының көрінісі ретінде тарихи процесті терең және жан-жақты түсінуді білдіреді.

Негізгі бөлім

Дүниежүзілік тарих философиясының не екенін анықтау үшін Гегель, ең алдымен, тарихнаманың басқа да түрлерін қарастыруды қажет деп санайды және тарихнаманың үш түрін ажыратады: «алғашқы тарих; рефлексивті тарих, оның кіші түрлері және философиялық тарих» [1, 4-55 бб.].

Алғашқы тарихтың өкілдері Геродот пен Фукидид өздері куә болған тарихи оқиғаларды баяндады. Мұндай тарихшылардың еңбектерінің мазмұны кеңістіктік жағынан шектеулі: өйткені олар өздерін қоршап тұрғанды және өздері көргендерін сипаттады. Бұл жерде тарихшы «рефлексияға жүгінбейді, өйткені ол өзі айтқан тақырыппен рухани өмір сүрді және оның шегінен әлі шықпады...» [1, 58 б.].

Рефлексиялық тарихта материалды баяндау енді тарихшының сипатталған оқиғаларға қатысуымен байланысты болмауы. Гегель бұл тарихты белгілі бір кіші түрлерге бөлді:

а) Жалпы тарих халықтың, мемлекеттің немесе әлемнің бүкіл тарихына шолу жасайтындығында, мұнда зерттеушінің басты міндеті – материалды өз рухы тұрғысынан ұсыну. Ол материалды талдау әдістемесі ретінде қызмет ететін белгілі бір қағидаларға ие болуы керек. Тарихшы тарихи үдерістер мен құбылыстарды қарастырудың абстрактілі формаларына жүгінеді. Гегель әмбебап тарихты экспозициялаудың бұл түрін мақұлдайды.

б) Прагматикалық тарих - өткенді сипаттау арқылы қазіргі жағдайға баға беру. Гегель атап өткендей, оқиғалар әр түрлі, бірақ оларда ортақ және ішкі нәрсе бар. Прагматикалық толғаулардың арқасында өткен туралы әңгімелер қазіргі өмірмен толықады. Гегель өткеннен оң сабақ алуға қарсы емес. «Бірақ тәжірибе мен тарих халықтар мен үкіметтердің тарихтан ешқашан ештеңе үйренбегенін және одан алуға болатын сабақтарға сәйкес әрекет етпегенін көрсетеді» [1, 77 б.].

в) Сыни тарих, Гегельдің ойынша, тарихтың өзіне емес, тарихтың тарихына, тарихи шығармаларға баға беріледі, олардың ақиқаты мен сенімділігі бекітіледі.

г) Тарих философиясына өтпелі кезең, онда зерттеуші материалды ұсыну кезінде кейбір жалпы философиялық қағидаларды басшылыққа алады.

Гегель тарихнаманың үш негізгі формасын тандауды «конструкция» арқылы жүзеге асырды. Бұл схеманың логикалық сипаты белгілі үштік арқылы көрінеді: «болмыс - мән - ұғым». Гегельдік жүйедегі тарихтың мақсаты - объективтіктен абсолюттік рухқа ауысуды қамтамасыз ету, бірақ бұл тарихи сананың өнерді, дінді және философияны дүниеге әкелуге дайындайтынын білдіреді.

Тарихнаманың әр алуан түрлерін ерекше көрсете отырып, Гегель тарихты бейнелеу мен түсіндірудің негізгі тәсілдері туралы айтады.

Гегель өзінің тарих философиясының алдына қойған басты міндеті - тарихи үдеріске қатысты келесі сұрақтарды нақтылау:

1. «Рух табиғатының абстрактілі анықтамалары қандай?».

2. «Рух мақсатқа жету идеясын жүзеге асыру үшін қандай құралдарды пайдаланады?»

3. «Қазіргі болмыстағы рухтың толық жүзеге асуының соңғы нәтижесі мемлекет пе?» [1, 17 б.].

Гегельдің дүниежүзілік тарихты нақты қарастыруының алдында «Дүниежүзілік тарихтың географиялық негіздері» бөлімі бар, оған «Тарихтың бөлінуі» шағын фрагменті қосылады. Бұл материалдар географиялық координаттар мен әлемдік рух қозғалысының кезеңдерін түсіндіреді.

Гегель үшін табиғат - физикалық бастау, рухтың бесігі ретінде әрекет етеді, ал тарихтың логикалық бастауы мемлекеттілік болып табылады. Негізінде адам «өзіндік еркіндікке қол жеткізе алады», бірақ «бұл азаттыққа табиғат күші кедергі болмауы керек» [1, 77 б.]. Одан әрі Гегель неліктен тек Батыс Еуропаның рухты азат ету үшін қолайлы аймақ болып шыққанын түсіндіреді. «Тарих философиясында» дүниежүзілік-тарихи үдерістің бағыты мен барысы нақты айқындалған. Гегель бойынша, тарих мемлекеттіліктен басталады. «Мемлекеттік жүйесі жоқ халықтың ...тарихы жоқ» [2, 331 б.].

Өзін - өзі тану санасының күні Шығыстан шығып, Батыс Еуропаға жетеді. Бұл үдерістің ішкі мазмұны «табиғи ерікті тәртіпке келтіру және оны әмбебаптық пен субъективті еркіндікке көтерілуі» [1, 98 б.]. «Ең алдымен, – деп жазады Гегель, - бізді қызықтыратын пән – дүниежүзілік тарих рухани салада орын алатынына назар аударуымыз керек. Демек тарих «дүниежүзілік тарих - еркіндік санасындағы ілгерілеу» [1, 16-19 бб.]. Еркіндіктің даму кезеңдері бойынша Гегель тарихи кезеңдерді бөліп көрсетеді. Гегельдің дүниежүзілік тарихты кезеңге бөлуі үлкен триада түрінде берілген. Гегель Шығыстан тарихи дамудың бастамасын көреді және біз оны мемлекеттіліктен табамыз деген.

Гегель шығысты тарихи дамудың бастапқы ұяшығы ретінде көрсете отырып, оны дамудың бір жақты сәті деп жариялайды, оның қарама-қарсылығын толықтыруды және оны кейін шешуді талап етеді (гегельдік тұжырым бойынша осы қозғалыс бастауында Шығыс болды. Еуропа тарихы ежелгі Грек-Рим және жаңа Христиан-Герман кезеңдері элементтерімен байланысты). Шығыстың қалған халықтарының тарихы Гегельден

дербес мән алған жоқ және жасанды түрде «парсы» элементіне жатқызылды. Антикалық дүниені екі халық - гректер мен римдіктер бейнелейді. Сонымен қатар, Римге дербес орын берілуден алыс: Сондықтан Гегельдің негізгі схемасы Гректер мен Римдіктер емес, жалпы антикалық халықтардың біртұтас әлемі.

Гегель үштік қағидаға сәйкес грекияның да, римнің де тарихын ішкі кезеңдерге (қалыптасу, өркендеу, құлдырау) бөлуді енгізеді. Ақырында адамзат, Гегельдің ұтымды өңдеуінде алынған тарихи үдерістің барлық желілері Батыс Еуропа халықтарының дүниежүзілік-тарихи «қарттық» дәуірін бейнелейтін «жаңа» христиан-герман әлемінде өз аяқталуын табады. Міне осылайша, адамзат тарихының негізгі «ғасырлары» (балалық шақ - жасөспірім-жастық - ересектік - қарттық) «әлемдік-тарихи халықтар» (Қытай, Үндістан, Парсы, Греция, Рим, Еуропа) арасындағы сәйкессіздікті ашатын соңғы схема аяқталады - қарттық), оның «рухани дамуының» сәттері (шығыс, грек, рим және неміс «патшалықтары») және бостандық дамуының үш негізгі кезеңі (деспотизм, республика, монархия) көрсетіледі. Шығыс халықтары-мемлекеттік болмыстың объективтілік сәті немесе «субстанциясы», «Шығыс дүниесінің принципі – моральдық принциптің субстанциясы» [1, 123 б.]. Грек халқы индивидуалдық еркіндік пен субъективтілік немесе «өзіндік сана» сәтін жүзеге асырады (мұнда, Азиядағы сияқты, моральдық қағида болып табылады; бірақ бұл қағида- даралықта таңбаланған мораль). Рим осы екі сәтті де олардың тәуелсіздігі мен бір-бірінен өзара алшақтауында бейнелейді, нәтижесінде «... зайырлы патшалық рухани патшалыққа қарсы тұрады...» [1, 124 б.].

Гегель даралықты тек формальді еркіндікпен ғана шектелмейтін қаһармандар дәуіріне қанша сүйсінсе де, оның кемшілігі - дәл осы тарих кезеңіндегі субстанциялық кездейсоқ ерік-жігерге тәуелді, субъективтік шекаралармен шектеледі және жалпылық деңгейге жеткен жоқ. Неміс халықтары субъективті және объективті, рухани және зайырлы, субстанциялық және индивидуалды карама-қайшылықтарды алып тастай-

ды: «неміс әлемі - тұтастық аймағы» [1, 223-226 бб.]. Гегельдің тарих философиясы «парасат әлемде үстемдік етеді» деп дәлелдеу мақсат қояды. [1, 13 б.]. Шынында да, Гегель тарихта өз логикасының іске асуын көруге бейім болды. Сонымен бірге энциклопедиялық іліммен ұштасатын диалектикалық көзқарас Гегельге тарихи үрдестің қайталанбас заңдылықта көрінетін субстанциялық бірлігінің маңызын бағалауға мүмкіндік берді. Осыдан тарихтың парасаттылығының ең жалпы идеясы шығады. Гегельдегі парасат табиғаттан тыс дүниежүзілік-тарихи принциптің бір түрі, субстанцияның бір түрі ретінде әрекет етеді, т.б. бірдеңе, «ненің арқасында және неде барлық шындық өзінің болмысы бар» [1, 10 б.]. Осы тұтастың маңызын оның органикалық сәті тұрғысынан ғана білу мүмкін емес. Сондықтан тарих философиясы дүниежүзілік тарихты абсолютті бақылаушы позициясынан көруге мүмкіндік табуы керек. Бұл позицияны әлемді ақыл-ой басқарады, ал тарих - бұл парасаттың жүрісі, логика ретінде алыпсатарлық философия абсолютті формада білетін уақыт бойынша орын алатын сол тарихтың үдерісі деген бір ғана болжам бойынша жеңуге болады. Гегель үшін жошпарлары тарихта жүзеге асатын ақыл абстрактылы табиғи ақыл емес болып отыр. Бұл адамның ақыл-ойы, ал оның ақыл мен құмарлық арасында орнататын қатынасы адам ақыл-ойы мен адамның құмарлығы арасындағы қатынас болып табылады. «Шынында, абсолюттік идея ең жоғарғы абстракция ретінде ақиқат емес, ол өзінің болмысын, яғни дүниені позициялаудың тірі үдерісі ретінде ғана айтылады. Демек, абсолюттік идеяның табиғатпен және адаммен тәңгілігі туралы айтуға болады, өйткені маңғат пен адамсыз абсолюттік идея бос, анықтамалардан, мазмұнынан ада болар еді» [3, 86 б.]. Демек, табиғат пен адамның өмір сүруі де абсолюттік идеясыз мүмкін емес, соңғысы табиғат пен адамға уақыт бойынша басымдық мағынасында нақты біріншілікке ие емес; оларға қатысты логикалық басымдыққа ие және бұл логиканы адам рухы, ақыл-ойы жасайды. Ақыл-ой, логика позициясында тұрып дүниенің пайда болуын, әлемдік үдерісті,

танушы субъектіні (яғни адамзаттағы адамды) білу үшін шексіздіктің қандай да бір тірек нүктесін белдетті түрде анықтау керек. Ал бұның өзі-белгілі бір бастама.

Ол әрине, мызғымас, абсолютті болып қалмайды, бірақ таным үдерісінің өзі арқылы жойылады, бірақ бастама ретінде ол ерекше маңызды және қажет. Гегель мұндай бастауды анықтап, оның сана-сында адам санасына, абсолютті әлемдік рухқа апаратын жолды жүзеге асырудың тірек нүктесін, бастапқы нүктесін көрсетті. Абсолюттік идея өзінің мақсаты ретінде өзін-өзі тануды өз қозғалысының барысында қояды, оның анықтамаларын ашады, бұл адам іс-әрекетінің, ең алдымен интеллектуалдық нысандарының нақты алуан түрлілігі болып табылады. Сонымен, Абсолюттік Рух астында Гегель бүкіл адамзаттың, бүкіл дүниежүзілік тарихтың мыңжылдық дамуындағы жиынтық, ұжымдық қызметін, кейінгі ұрпақтардың рухани қызметін білдіреді. Бұл үдерісте «Әлемдік рух өзінің өзін-өзі тану жолында көптеген адам ұрпағын пайдаланады, адамдарда және олардың күш-қуатын құрбандыққа шалып келе жатқанына назар да аудармайды. Ол үшін мұндай шығындар ештеме емес, ол өз ісін кең көлемде жүргізеді, өйткені оның бұл шығындарына ұлттар мен адамдар жеткілікті» [4, 39-40 бб.].

Ал Гегель өзінің бостандық туралы ілімінде айтылған адам рухының даму ниетін толық ашқан жоқ. Әлемдік рухтың бүкіл қозғалысы, Гегель бойынша, «еркіндіктің барған сайын толық ашылуы процесі» [3, 61 б.]. Демек, осы контексте диалектика рухтың өзіндік қозғалысының тәсілі ретінде – еркіндік идеясы тұрғысынан қайта ойластырылуы керек. Абсолюттік идея өз мақсатына жету үшін қарама-қарсылықты өзіне құрал ретінде таңдайды. «Тарихты мұқият зерделеу адамдардың іс-әрекеті олардың қажеттіліктерінен, олардың құмарлықтарынан, мінездері мен қабілеттерінен туындайтынына көз жеткізеді. Әрине, ол жерде ортақ мақсаттарды, жақсылыққа ұмтылуды, Отанға деген ризашылықты сүйіспеншілікті табуға болады, бірақ бұл ізгіліктер мен жалпыға ортақ әлемге және онда болып жатқан нәрселерге қатыстылығы маңызды емес болып табылады. Керісінше өзіншіл

мақсаттар, эгоизмді қанағаттандыру үлкен күшке ие ... олар үшін заң, мораль орнатуға тырысатын шектеулер түкке де тұрмайды. Біз әрине олардың осы женталасқан аш көздіктерін және оның салдарын көргенде ашуланамыз, жан-дүниемізді ауыртады, әрине егер ондай қасиеттер бойымызда бар болса» [1, 20 б.].

Нақты мүдделермен салыстырғанда абстрактілі принциптер мен асыл мұраттардың рөлі шамалы (егер әрине оларда, нақты қажеттіліктер көрсетілмесе). Бірақ қызығушылық пен құмарлықтан туындаған әрекеттер тарих үшін өз алдына құнды емес. Мүдделердің өзара әрекеттесуінің, адамдардың эгоисттік мақсаттарын көздеген күресінің нәтижесінде, әдетте, әрекетке қатысушылар күтпеген, бірақ объективті мүмкіндіктің жүзеге асуын көрсететін кездейсоқ емес түпкілікті тенденциялар туындайды, яғни мақсаттар немесе идеялар. «...Дүниеде ешнәрсе олардың іс-әрекетіне қатысқандардың қызығушылығынсыз жүзеге асырылған жоқ және біз қызығушылықты құмарлық деп атайтындықтан ... демек, әлемде ешқандай ұлы нәрсе құмарлықсыз орындалмағанын айтуымыз керек. Біздің пәніміз мыналарды қамтиды: біріншіден идея; екіншіден адамның құмарлығы; біріншісі – негіз болса, екіншісі – біздің алдымызда жайылған дүниежүзілік тарихтың ұлы кілемінің өрмегі» [1, 23 б.]. Гегель бұдан әрі жеке адамның бостандығы, моральдік қасиеті, діндарлығы оның бойындағы тәуелсіз, мәңгілік нәрсе және оны тіпті ең жоғары мақсатқа да құрбан етуге болмайды, сондықтан «дүниежүзілік тарихтың шуылына бағынбайды» деп атап өтеді.

Дегенмен, тарихта не болса да, жекелеген адамдар не істесе де, әмбебап мазмұндық мақсаттарды жүзеге асыру соңғы мақсат болып табылады, дүниежүзілік тарихта жүргізілген жұмыстар соған бағытталған; «Ол үшін ұзақ уақыт бойы жер бетіндегі кең құрбандық үстелінде әр түрлі құрбандықтар ұсынылды. Тек осы түпкі мақсат қана өзін жүзеге асырады, тек ол барлық оқиғалар мен күйлер өзгергенде тұрақты болып қалады, сонымен қатар оларда шын белсенді қағида болып табылады» [1, 19 б.].

Субъективті түрде жеке адам өзінің жеке мақсаттарын маңызды мазмұн немесе әмбебапты «өзіне және өзі үшін» даралау деп санауы мүмкін, болса да, тіпті оның қажеттіліктеріне, жеке ұмтылыстарына қарамастан бірақ түпкілікті нәтижеде адам қызметі қандай, дәл сол іске асырылады. Абсолюттік идеяға не қажет? Тарихта абсолюттік идея ешқашан өз мақсатын таза түрде білдірмейді, жеке адам осы тұтастықты түсінуден және оған тұтастай қатысудан алшақтайды.

Гегельдің тарих философиясы дүниежүзілік-тарихи үдерістің барысы мен құрылымының рационалдылығы мәселесін, сол арқылы «дүниежүзілік ақылдың айласы» туралы белгілі ілімдегі тарихи теодизмді шешеді. Адамдардың негізгі бөлігі өз іс-әрекетінде таза жеке мүдделер мен құмарлықтарды басшылыққа алып және бұл мүдделерін белгілі бір дәрежеде іске асырғанына қарамастан олардың ой-санасында болмаған, одан ары бір нәрселерді жүзеге асырады. Бірақ олардың санасында және ниетінде қамтылмайды. Жеке адамдардың құмарлықтары мен мүдделерінің ойынын шектемей, өз мақсатына жететін «қуатты болғандай айлакер» Ақылдың бұл жасырын және жанама әрекеті тарих ағымының қажеттілігі мен оның абсолютті мәні ретіндегі мәселені шешеді. Өйткені, «мақсат объектімен жанама қарым-қатынас орнатып, өзі мен оның арасына басқа бір затты енгізеді... Мақсат объектіні құрал ретінде көрсетеді, сөйтіп оны шаршатып, есін аудырып өзінің орнына жұмысты бітіруге мәжбүрлейді» [5, 248 б.]. Сонымен, абсолюттік рух немесе абсолюттік идея өзінің абсолютті мақсатына жету үшін адамды, халықтарды өзінің идеалдарын, құмарлықтарын материал және құрал ретінде пайдалана отырып, «болмысқа деген құрметті өзінен емес, құмарлықтарынан береді. жеке тұлғалардың ... ол қауіп төндірмейді; ол фондық жағдайда қол жетпес және зиянсыз қалады» [1, 32 б.]. Демек, абсолютті идея жалпы болмыстың қандай да бір дерексіз ғарыштық сипаттамасы емес, ол адам өмірінің құрылымына тікелей қатысты. Сонымен, субстанциялық тұтастық, субстанция шындықтан ада емес, өйткені «субстанциялық әмбебап мазмұн

ерекше және жеке құбылыс бола отырып, өзін осылай жүзеге асырады, өйткені бұл әмбебап өзіне кездейсоқтық, бөліну және екілік көрінісін бергенімен, ол қайтадан осы көріністі, атап айтқанда, онда өзін ашатын нәрсені бұзады». [6, 207 б.]. Гегель тарих үдерісінде бостандық идеясын іске асырушылар Әлемдік Рухтың сырластары, яғни әлемдік-тарих тұлғаларды (Кир, Ескендір, Зұлқарнайы, Цезарь, Шыңғысхан, Лютер, Наполеон) өмірге шақыру арқылы өзіндегі субстанциональды мазмұн мен нақты тұлға арасындағы алшақтықты еңсеруге шақырды. Б. Рассель Гегельдің «адам жаулап алушы болмай-ақ қаһарман бола алады» деген пікіріне толық қосылады. Гегельдің оларды «батырлар» деп атауы олар өз күш-жігерін мен шақыртуларын тыныш, реттеліп, бір жүйеге түскен дүниелерден емес мазмұны жасырын және дамымаған бастапқы болмысқа дейінгі көзден алған» [7, 198 б.]. Олар өз іс-әрекетінде жеке мүдделерді басшылыққа алады, бірақ бұл жағдайда бұл мүдделер кез келген жеке топтың мүдделерінен әлдеқайда асып түсетін жалпы мүдделерімен анықталады, олар қажетті тарихи үдеріске жол ашады. Тарихи тұлғалар мойындалған міндеттері, заңдары, құқықтары қалыптасқан жүйеге, оның негіздері мен шындығына қайшы келетін жаңа мүмкіндіктер арасында қақтығыс туғанда пайда болады» [7, 203 б.].

Гегельдің жеке тұлғаның әлеуметтік-тарихи тұтастықтың байланысын жүзеге асыруы туралы түсінігі айқын. Тарихи тұлғалар тақырыбының өзі әлеуметтік тұтастықты дамытудың елеулі жолы туралы айтып отырғанымызды көрсетеді. Гегель тарихта болған оқиғалардың бәрі орынды және заңды деп есептемейді. Әйтсе де, анау-мынау ұлы тарихи тұлғалар қанша дана болса да, өздерінен жоғары тұрған «ақыл айласының» үстемдігінен құтыла алмайды. Олар қызмет еткен белгілі бір нақты мақсат ақыры орындала саласымен «бос қауыздай» болып қалады [1, 30 б.]. Алайда бұл тарихи тұлғалардың өзі әлі тарихтың нақты субъектілері емес. Олар өз өмірлерінде жүзеге асырылатын ең жоғары қажеттіліктің құрбаны болды, олар-әлі күнге дейін тарихи үдерістің құралдары ғана. Гегельдік философия ұлы

дәуірлер мен тарихи тұлғаны бірін-бірі тудыратын біртұтас жалпы үдерістің әр түрлі сәттері ретінде қарастырады, бірақ бұл қозғалыстың негізі мен нәтижесі субъект ретіндегі субстанция болғандықтан, дәуір мен тұлға арасындағы нақты байланыс арқылы, оның ішкі бірлігін жасайды.

Субъективті рух саласында қозғаушы қағида жеке индивид болса, дүниежүзілік тарих аренасында халық жеке тұлға ретінде әрекет етеді. Гегельдің ұлттық рух туралы ілімінің ең маңызды сәті - әрбір кезеңдегі әлемдік рух бір ғана халықтың рухында бейнеленіп, онда осы кезеңнің ең жоғарғы көрінісін қабылдайды деген идея. Сонымен, халық рухының қызметі мен әлемдік рухтың жұмысы мағынасы мен мазмұны жағынан сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. Алшақтық болған жағдайда халық қандай да бір ерте, жетілмеген кезеңде өзінің дамуында қатып қалған дүниежүзілік тарихтың шетінде қалады. Кездейсоқ жағдайда халық тарихи үдерістің биігіне шығады, оның жеткізушісі мен көшбасшысына айналады. «Әлемдік - тарихи (немесе жай ғана тарихи) халықтар» деп аталатындар әлемдік рухтың даму кезеңдері, яғни дүниежүзілік тарихтың даму кезеңдері. «Қажетті сабақтастықтағы халықтар рухының қағидаларының өзі біртұтас адамзаттық рухтың сәттері ғана, сол арқылы тарихта көтеріліп, аяқталып, өзін-өзі ұғынып, бәрін қамтитын болады» [1, 75 б.]. Сонымен, тарихи дамудың әрбір кезеңі объективті рухтың анықтығы ретінде халықтың рухымен анықталады. Бостандық идеясы-өмірде жүзеге асатын нысан, жоғарыда айтылғандай, мемлекет. Мемлекет-бостандық элементінің нақты көрінісін құқық, мораль және моральдың бірлігі ретінде болмыстың ақылға қонымды формасы болғандықтан (құқық философиясында бекітілген), тарих мақсат тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар осы мақсаттарды жүзеге асыру тұрғысынан да ақылға қонымды. Диалектикалық бағыт осы жерде дүниежүзілік тарихтың мақсаты, құралы және нәтижесі арасындағы нақты диалектикалық байланысты орнатуда өз көрінісін табады. Идеализм өзінің көрінісін тарихи даму курсының негізі ретінде ақыл-ойды (өзінің еркіндік идеясымен) түсінуде табады. Осылайша мемлекеттілік

жағдайында жеке өмірге жалпылық үстемдік етеді, онда жеке өмір жартылай немесе екінші кезектегі дүние ретінде көрінеді. [4, 148 б.].

Дүниежүзілік тарихты түсінудің бұл деңгейінде өз мақсатын жүзеге асырудың ақыл-ой құралдары туралы сұраққа жауап мүлдем жаңа түрге болады. Рационалды қажеттілік пен жүйеліліктің айқын көрсетілген сипаты бар диалектиканың көмегімен бірқатар және нақты тарихи мәселелер шешілді. Бар ақыл-ойдың нақты тасымалдаушыларын таңдау жалпылама және уақытша шектеулі мағынада жасалды. Дүниежүзілік-тарихи парасаттылықтың құралдары енді дүниежүзілік-тарихи жеке тұлғалар емес және қарапайым құмарлықтары мен мүдделері бар тірі адамдар ғана емес, дүниежүзілік-тарихи халықтар болып табылады. Бұл халықтардың өздері армандаған керемет мемлекет құруға бағытталған тарихи өмірі мен іс-әрекетінің нәтижесінде сол болашақ мемлекеттің саяси құрылымы біртіндеп қалыптаса бастайды. Әрбір халықтың халықтық «рухы» ретінде өзінің ерекше мақсаты немесе өзіндік ерекше «қағидасы» - жалпы бостандық идеясының нақты анықтамасы болады. Ақыл-ой арқылы өз мақсатын жүзеге асырудың құралдары және құралдар туралы мәселені осылай түсіну Гегельге өзі қойған сұрақтар-дың соңғысын – дүниежүзілік-тарихи үдерістің өз жүрісінің ұтымдылығы туралы мәселені шешуге мүмкіндік береді. Егер дүниежүзілік тарихи халықтардың әрқайсысының тарих мақсаты парасатты болса, әрі осы мақсаттарға біртіндеп және кезең-кезеңімен жету үрдісін өз көзқарасы тұрғысынан ғана емес, дүниежүзілік тарих ретінде де ақылға қонымды болар еді.

Дүниежүзілік тарих өзінің нақты жүзеге асуында стихиялы, материалдық күштердің әрекетіне толығымен бағын-байды, осы тарихи даму ағынының бір бөлігі ұтымды (идеалды) түрде жүзеге асады. Бірақ бұл тарихи үдеріс оның құрамдас бөлігі болып қала береді және бұл да нақты тарихи үдеріс.

Егер дүниежүзілік тарих туралы айтатын болсақ, онда оның «мақсаты» мен «соңы» туралы гегельдік түсінік қалай түсіндірілсе де, Гегельдің өзі үшін Герман тарихында

мұндай тарихи кезеңді көрсететін ештеңе жоқ. Гегель өзінің «соңғы нүкте» туралы мәлідемесін түсіндіре отырып, бұл нүкте әлі де өте алыс, рухтың жұмысы көп және ол асықпайды деп болжауға болады.

Корытынды

Гегельдің ойы бойынша Дүниежүзілік тарих - бұл әлемдік рухтың шеруі, оның қызметінің нәтижесі. Гегель болмыстың абсолютті мәні бар және бүкіл адамзат тарихынан өтеді және оның арқасында біртұтас дүниежүзілік тарих бар деп сенді. Абсолютті мағынаны түсіну үшін абсолютті идеяның абсолютті тұрғысынан ғана мүмкін болатын субстанциялық бүтіннен бастау керек. Адамзат тарихы-бұл әлемдік рухтың көрінісі және оның ортақ мақсаты-адам мен қоғамға қатысты рух бостандығын дамыту. Гегельдің бостандық пікірінше, рух жүзеге асыруға ұмтылатын мақсат. Әлемдік тарих бұл мақсаттың орындалуынан басқа ештеңе емес, оған жету үшін көптеген ғасырлар бойы сансыз құрбандықтар жасалды. Дәл осы негізінен мақсат, тарихта жүзеге асырылады және ол әлемде болып жатқан барлық өзгерістердің негізінде жатыр. Дүниежүзілік тарихтағы рухты гегельдік талдау әлемде болып жатқан терең рухани үрдістерге мұқият назар аударуға мәжбүр етеді, қазіргі әлемнің рухани құрамдас бөлігінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гегель Г.В.Ф. Сочинение. Философия истории. – Москва, 1993. – Т. 8. – 470 с.
- 2 Гегель Г.В.Ф. Лекции по философии истории. – СПб.: Наука, 2000. – 479 с.
- 3 Соловьев Э.Ю., Козловски П. Судьбы гегельянства: философия, религия и политика прощаются с модерном. – М.: Республика, 2000. – 383 с.
- 4 Гегель Г.В.Ф. Лекции по истории философии, книга третья. Сочинение. – М.-Л., 1935. – Т. 2. – 519 с.
- 5 Гегель Г.В.Ф. Феноменология духа. Сочинение. – Москва, Соцэкгиз, 1959. – Т. 4. – 440 с.
- 6 Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук: в 3-х томах. – М.: Мысль, 1974. – Т. 1. – 695 с.

7 Гегель Г.В.Ф. Эстетика. В 4-х томах. – Москва, Искусство, 1968. – Т. 1. – 386 с.

8 Hegel G.V.F. Essay. The philosophy of history. – Moscow, 1993. – Vol. 8. – 470 s.

9 Hegel G.V.F. Lectures on the philosophy of history. – St. Petersburg: Nauka, 2000. – 479 p.

10 Solovyov E.Yu., Kozlovsky P. The fate of Hegelianism: philosophy, religion and politics say goodbye to modernity. – M.: Republic, 2000. – 383 p.

11 Hegel G.V.F. Lectures on the history of philosophy, book three. Composition. – M.-L., 1935. – Vol. 2. – 519 p.

12 Hegel G.V.F. Phenomenology of the spirit. Essay. – Moscow, Sotsekgiz, 1959. – Vol. 4. – 440 p.

13 Hegel G.V.F. Encyclopedia of Philosophical Sciences: in 3 volumes. – M.: Mysl, 1974. – Vol. 1. – 695 p.

14 Hegel G.V.F. Aesthetics. In 4 volumes. – Moscow, Iskusstvo, 1968. – Vol. 1. – 386 p.

Transliteration

1 Gegel' G.V.F. Sochinenie. Filosofija istorii [Work. Philosophy of History]. – Moskva, 1993. – T. 8. – 470 s. (in Russ)

2 Gegel' G.V.F. Lekcii po filosofii istorii [Lectures on the Philosophy of History]. – SPb.: Nauka, 2000. – 479 s. (in Russ)

3 Solov'ev Je.Ju., Kozlovski P. Sud'by gegel'janstva: filosofija, religija i politika proshhajtstva s modernom [The Fates of Hegelianism: Philosophy, Religion, and Politics Say Goodbye to Modernism]. – M.:Respublika, 2000. – 383 s. (in Russ)

4 Gegel' G.V.F. Lekcii po istorii filosofii, kniga tret'ja. Sochinenie [Lectures on the History of Philosophy, Book Three. Work]. – M.-L., 1935. – T. 2. – 519 s. (in Russ)

5 Gegel' G.V.F. Fenomenologija duha. Sochinenie [Phenomenology of Spirit. Work]. – Moskva, Socjckgiz, 1959. – T. 4 – 440 s. (in Russ)

6 Gegel' G.V.F. Jenciklopedija filosofskih nauk: v 3-h tomah [Encyclopedia of Philosophical Sciences: in 3 volumes]. – M.: Mysl', 1974. – T. 1. – 695 s. (in Russ)

7 Gegel' G.V.F. Jestetika. V 4-h tomah [Aesthetics. In 4 volumes]. – Moskva, Iskusstvo, 1968. – T. 1. – 386 s. (in Russ)

8 Hegel G.V.F. Essay. The philosophy of history. – Moscow, 1993. – Vol. 8. – 470 s.

9 Hegel G.V.F. Lectures on the philosophy of history. – St. Petersburg: Nauka, 2000. – 479 p.

10 Solovyov E.Yu., Kozlovsky P. The fate of Hegelianism: philosophy, religion and politics say goodbye to modernity. – M.: Republic, 2000. – 383 p.

11 Hegel G.V.F. Lectures on the history of philosophy, book three. Composition. – M.-L., 1935. – Vol. 2. – 519 p.

12 Hegel G.V.F. Phenomenology of the spirit. Essay. – Moscow, Sotsekiz, 1959. – Vol. 4. – 440 p.

13 Hegel G.V.F. Encyclopedia of Philosophical Sciences: in 3 volumes. – M.: Mysl, 1974. – Vol. 1. – 695 p.

14 Hegel G.V.F. Aesthetics. In 4 volumes. – Moscow, Iskusstvo, 1968. – Vol. 1. – 386 p.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Ельзат Еркинович Джаркинбаев

аға оқытушы, философия ғылымының магистрі, Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан, email: e.djarkinbayev@aues.kz

Сабит Бегманұлы Апашев

доцент, философия ғылымдарының кандидаты, Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан, email: s.apashev@aues.kz

Ельзат Еркинович Джаркинбаев

старший преподаватель, магистр философии, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан, email: e.djarkinbayev@aues.kz

Сабит Бегманұлы Апашев

доцент, кандидат философских наук, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Казахстан, email: s.apashev@aues.kz

Elzat Dzharkinbayev

Senior Lecturer, Master of Philosophy, Almaty University of Energy and Communications named after Gumarbek Daukeev, Almaty, Kazakhstan, email: e.djarkinbayev@aues.kz

Sabit Apashev

Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Almaty University of Energy and Communications named after Gumarbek Daukeev, Almaty, Kazakhstan, email: s.apashev@aues.kz

